

2006 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаның паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 1235 Қаулысы (үзінді)

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. М ы н а л а р д ы ң :

38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің;

2. Осы қаулы 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қызметтік қолдану үшін

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2005 жылғы 12 желтоқсандағы

1 2 3 5 қ а у л ы с ы н а

38-қосымша

РҚАО-ның ескертуі. "Қызмет бабында пайдалану үшін" белгісімен Қаулы Деректер базасына енгізілмейді.

Ескерту. 38-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 470б , өзгерту енгізілді - 2006.12.25. N 470т , 2006.12.29. N 470ш қаулыларымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2005 жылғы 13 желтоқсандағы

N 1 2 3 5 қ а у л ы с ы н а

39-ҚОСЫМША

201 - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2 0 0 6

ж ы л ғ а

а р н а л ғ а н

"Елдің қоғамдық тәртіп саласындағы саяси мүдделерін қамтамасыз ету"

деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. **Құны:** 7330 мың теңге (жеті миллион үш жүз отыз мың теңге).

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 470б

қ а у л ы с ы м е н .

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:
"Т.А. Төлеубаев туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 25 маусымдағы N 608 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : халықаралық және трансұлттық қылмысқа қарсы күрес.

5. Бюджеттік бағдарламаны міндеттері : қылмысқа қарсы күресте ынтымақтастықты дамыту мақсатында Интерполмен байланыс ұстауда ақпараттық қамтамасыз ету және бір ақпараттық кеңістік құру, сондай-ақ барлық әлемдегі қылмыстық полицияның ұлттық органдары арасындағы өзара қарым-қатынас деңгейіне байланысты болатын халықаралық қылмыспен ең тиімді күрес жүргізуді қамтамасыз ету үшін, әсіресе оның ұйымдастырылған түрлерімен, оның ішінде ылаңкестік және есірткі бизнесіне қарсы тиімді күрес жүргізу үшін ақпараттық қамтамасыз ету. Интерполдың басқа қатысушы - мемлекеттерінің өкілдерімен халықаралық қылмыс мәселелері бойынша жедел ынтымақтастық құру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

N п/п	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Кіші бағдарламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	002		Елдің қоғамдық тәртіп саласындағы саяси мүдделерін қамтамасыз ету	Халықаралық қылмыспен тиімді күрес жүргізу мақсатында ақпараттық қамтамасыз ету үшін Лион қаласындағы (Франция) Интерполдың Бас Хатшылығындағы Қазақстан Республикасының өкілі - байланыс офицерін ұстау жөніндегі шығыстар - 1 адам.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :
Тура нәтиже: Интерпол каналдары бойынша халықаралық іздеуге жар салған адамдар саны - жыл бойы 500 адамнан кем емес; Интерпол тарапы бойынша халықаралық іздеуде болған адамдардың ұсталған саны - жыл бойы 25 адамнан кем емес. Соңғы нәтиже: Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарын тергеу, жедел, ғылыми-практикалық және анықтама-аналитикалық ақпаратпен 100 % қамтамасыз ету; Интерполдың мүшелері болып табылатын шет ел мемлекеттерінің құқық қорғау

органдарына жіберілген сұратулар мен ақпаратты 100% жеткізуді қамтамасыз ету; қылмыстық істер және экстрадициялар бойынша құқықтық көмек туралы келісім-шарт жасалмаған мемлекеттермен Қазақстан Республикасының мәселелерді шешуі. Қаржы-экономикалық нәтиже: Интерполдың Бас Хатшылығында Қазақстан Республикасының өкілін ұстау үшін шығындалатын шығыстардың бағасы - 7330,0 мың теңге.

Уақтылығы: ақпаратпен уақытылы қамтамасыз етіп отыру, Интерполдың басқа қатысушы-мемлекеттерінің өкілдерімен халықаралық қылмыс мәселелері бойынша жедел ынтымақтастық құру.

Сапасы: жедел-іздістіру қызметі саласында халықаралық ынтымақтастықты 100% бекіту.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 4706 қаулысымен.

Қызметтік қолдану үшін

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
40-ҚОСЫМША

РҚАО-ның ескертуі. "Қызмет бабында пайдалану үшін" белгісімен Қаулы Деректер базасына енгізілмейді.

Ескерту. 40-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 4706 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
41-ҚОСЫМША

201 - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі
2006 жылға арналған
"Арнайы және әскери тасымалдар"
деген 004 республикалық бюджеттік бағдарламаның
ПАСПОРТЫ

1. Құны: 163376 мың теңге (бір жүз алпыс үш миллион үш жүз жетпіс алты мың теңге).

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 4706 қаулысымен.

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "Қазақстан

Республикасының ішкі істер органдары туралы" Қазақстан Республикасы 1995 жылғы
21 желтоқсандағы Заңының 5-1-бабы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : Республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : әскери және арнайы тасымалдарды теміржол көлігімен тасымалдауды тәуліктік бақылауға алуды, эшелондардың және басқа да есептегі бірліктердің тез жүруін қамтамасыз ету, министрліктің және әскери бөлімдердің жеке құрамының әскери және арнайы жүктері, арнайы контингенттерінің қозғалысы кезінде штаттан тыс жағдайларға жол бермеу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : министрліктің және әскери бөлімдердің жеке құрамының арнайы контингенті мен арнайы жүктерін тасымалдау бойынша жоспарланған іс-шараларды бұзуға жол бермеу, азаматтардың қауіпсіздіктерін қамтамасыз ету үшін теміржол көлігімен әскери және арнайы тасымалдауларды ұйымдастыру және жедел басқару; арнайы контингентті жазасын өтеу орындарына тасымалдау жөніндегі соттардың қаулыларын орындау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

N п/п	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Кіші бағдарламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	004		Арнайы және әскери тасымалдар	Арнайы контингентті, жүктерді және б а с қ а да тасымалдарды тасымалдау бойынша көлік қызметтерін төлеу: арнайы вагондарды жалға алу. Арнайы әскери тасымалдау қызметтері үшін үй-жайларды жалға алу; жүргіншілер поездарында орындарды брондеу бойынша қызметтерді төлеу. Қозғалмалы вагон-пунктке техникалық қызмет көрсету; поезд жолдарын жөндеу. Өткен жылдардағы кредиторлық берешекті өтеу .	Ж ы л бойы	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 4706 қаулысымен.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер : Тура нәтиже: арнайы контингентті, жүктерді және басқа да тасымалдарды

тасымалдау бойынша атқарылатын рейстер саны - 372; вагон саны - 14.
Соңғы нәтиже: арнайы контингенттік және арнайы жүктерді тасымалдауды 100 % қамтамасыз ету; қылмыстық-атқару заңнамасына сәйкес сотталған адамдардың жазаларын өтеу жөнінде сот қаулыларын орындау үшін арнайы вагондардың қозғалысының кестесін, сотталғандармен және тұтқындалғандармен жоспардағы және жедел шаралардың жүргізілуін 100% сақтау.

Қаржы-экономикалық нәтиже: бір арнайы вагонды бір тәулікке жалға алу бағасы - 26 м ы ң т е ң г е .

Уақтылығы: мемлекеттік әскери тасымалдаулар қозғалысы орындалуына қауіпсіздік графигін орындауды 100 % қамтамасыз ету, арнайы контингенттің қылмыстық-атқару заңнамасының талаптарына сәйкес жеткізілуін қамтамасыз ету.

Сапасы: арнайы контингент пен жүктердің белгіленген орнына 100% жеткізілуі.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 4706 қаулысымен.

Қызметтік қолдану үшін

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2005 жылғы 12 желтоқсандағы

N 1 2 3 5 қаулысына

42-ҚОСЫМША

РҚАО-ның ескертуі. "Қызмет бабында пайдалану үшін" белгісімен Қаулы Деректер базасына енгізілмейді.

Ескерту. 42-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 4706 қаулысымен.

Қызметтік қолдану үшін

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2005 жылғы 12 желтоқсандағы

N 1 2 3 5 қаулысына

43-ҚОСЫМША

РҚАО-ның ескертуі. "Қызмет бабында пайдалану үшін" белгісімен Қаулы Деректер базасына енгізілмейді.

Қызметтік қолдану үшін

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2005 жылғы 12 желтоқсандағы

N 1 2 3 5 қаулысына

44-ҚОСЫМША

РҚАО-ның ескертуі. "Қызмет бабында пайдалану үшін" белгісімен Қаулы Деректер базасына енгізілмейді.

Қызметтік қолдану үшін

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2005 жылғы 12 желтоқсандағы

№ 1235 қаулысына

45-ҚОСЫМША

РҚАО-ның ескертуі. "Қызмет бабында пайдалану үшін" белгісімен Қаулы Деректер базасына енгізілмейді.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2005 жылғы 12 желтоқсандағы

№ 1235 қаулысына

46-ҚОСЫМША

201 - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған

"Кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау"

деген 011 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. **Құны** : 111370 мың теңге (бір жүз он бір миллион үш жүз жетпіс мың теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлері туралы" Қазақстан Республикасы 1992 жылғы 23 маусымдағы Заңының 19-бабы ; "Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары туралы" Қазақстан Республикасы 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заңының 5-1-бабы ; "Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қызметке алғаш рет түскен адамдары мен қызметкерлерін кәсіби даярлау туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 16 мамырдағы № 847 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі ішкі әскерлерінің әскери қызметшілерін Ресей Федерациясының әскери оқу орындарында оқытуға және ұстауға арналған Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ресей Федерациясының Қорғаныс министрлігімен 2003 жылғы 6 маусымдағы № 335/5/14 келісім-шарты.

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : ішкі істер органдары қызметкерлерінің біліктіліктерін арттырумен және қайта даярлаумен қамтамасыз ету.

5. **Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : ішкі істер органдары қызметкерлері мен ішкі әскерлердің әскери қызметшілерінің теориялық білімдерінің деңгейлері мен

практикалық біліктіліктерін барынша көтеру; Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қызметіне үміткерлерді алғашқы даярлау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

№ п/п	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	К і ш і бағдарламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	011		Кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің училищесіне 94 бірлік штаттық сан шегінде ұстау, оқ-дәрі, қару-жарақ, арнайы крим техника, ұйымдастыру техникасын, байланыс құралдарын, ас үй жарақтарын, медициналық жарақ алу, компьютер сатып алу, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің училищесіне күрделі жөндеу жүргізу, қызметкерлердің білім деңгейін максималды көтеру және ішкі істер органдары қызметіне үміткерлерді алғаш даярлықты жүргізу үшін Ресей Федерациясының және алыс шетелдердің оқу орындарында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлер әскери қызметшілерінің біліктілігін арттыру.	Жыл сайын	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің училищесі, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлер комитеті.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :

Тура нәтиже: біліктілік арттыру курстарын өткен қызметкерлер саны - 450 бірлік; қайта даярлау курстарын өткендер саны - 50 бірлік; ішкі істер органдары қызметіне үміткерлердің алғаш даярлықтан өткендер саны - 600 бірлік; Ресей Федерациясының және алыс шетелдердің оқу орындарында және орталықтарында курстардан өткен ішкі істер органдары қызметіне үміткерлер саны - 76 бірлік; Ресей Федерациясының оқу

орындарында біліктілік арттыру курстарын өткен әскери қызметшілер саны - 84 бірлік; 2 атаулы оқ-дәрілері, 1 атаулы қару-жарақты, 13 атаулы 19 бірлік; арнайы кримтехниканы, 1 атаулы ұйымдастыру техникасын, 1 атаулы байланыс құралын, 4 атаулы ас үй жарақтарын, 4 атаулы медициналық жарақтарды; 4 бірлік компьютерлер с а т ы п а л у .

Соңғы нәтиже: ішкі істер органдарын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің училищесінде біліктілік арттыру, қайта даярлау және алғашқы даярлау курстарын өткен қызметкерлермен қамтамасыз ету - 1,3%; ішкі істер органдарын Ресей Федерациясының және алыс шетелдердің оқу орындарында және орталықтарында біліктілік арттыру курстарын өткен білікті қызметкерлермен қамтамасыз ету - 0,1%; ішкі істер органдарын Ресей Федерациясының және алыс шетелдердің оқу орындарында және орталықтарында біліктілік арттыру курстарын өткен білікті әскери қызметшілермен қамтамасыз ету - 0,4%; жаңа үлгідегі киім-кешек қамтамасыз етілуі жалпы қажеттіліктен - 55,5%; арнайы жабдықтар және материалдар қамтамасыз етілуі жалпы қажеттіліктен - 99,9%; активтер қамтамасыз етілуі жалпы қажеттіліктен - 52,4%.

Қаржы-экономикалық нәтиже: жылына бір оқушыға кететін орташа шығындар - 74,6 мың теңге; Ресей Федерациясының және алыс шетелдердің оқу орындарында курстардан өтетін бір қызметкерге кететін орташа шығындар - 321,9 мың теңге; Ресей Федерациясының оқу орындарында курстардан өтетін бір әскери қызметшіге кететін орташа шығындар - 52,8 мың теңге; бір қызметкерге кететін орташа шығындар - 404,1 м ы ң т е ң г е .

Уақтылығы: ішкі істер органдарының қызметкерлері мен қызметіне үміткерлерді біліктілік арттыру курстарында, қайта даярлау және алғашқы даярлау курстарында өкімдемеге сәйкес өз уақытында оқыту.

Сапасы: алғашқы даярлау курстары түлектерінің біліктілік талаптарына сай болуы - 100%; ішкі істер органдарының біліктілік арттыру және қайта даярлау курстарын бітірген қызметкерлер білімімен қанағаттануы - 100%; ішкі істер органдарының біліктілік арттыру және қайта даярлау курстарын Ресей Федерациясының және алыс шетелдердің оқу орындарында бітірген қызметкерлер білімімен қанағаттануы - 100%; ішкі әскерлердің біліктілік арттыру және қайта даярлау курстарын Ресей Федерациясының оқу орындарында бітірген әскери қызметшілер білімімен қанағаттануы - 100%.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2005 жылғы 12 желтоқсандағы

№ 1235 қаулысына

47-ҚОСЫМША

201 - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2 0 0 6

ж ы л ғ а

а р н а л ғ а н

"Жоғары кәсіптік білімді мамандар даярлау"
деген 012 республикалық бюджеттік бағдарламаның
ПАСПОРТЫ

1. **Құны** : 1662106 мың теңге (бір миллиард алты жүз алпыс екі миллион бір жүз
а л т ы м ы ң т е ң г е) .

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлері туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 23 маусымдағы Заңының 19-бабы ; "Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдары туралы" Қазақстан Республикасы 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заңының 5-1-бабы ; "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі ішкі әскерлерінің Жоғары әскери училищесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 18 наурыздағы N 349 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Академиясы" мемлекеттік мекемесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 1 маусымдағы N 675 қаулысы ; "Құқық қорғау органдары үшін кадрлар даярлауды, құқық қорғау органдарының қызметін және үкіметтік байланыс әскерлері әскери қызметшілерін әлеуметтік қорғауды қаржыландыруға байланысты жекелеген мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 21 қыркүйектегі N 1427 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі ішкі әскерлерінің әскери қызметшілерін Ресей Федерациясының әскери оқу орындарында оқытуға және ұстауға арналған Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ресей Федерациясының Қорғаныс министрлігімен 2003 жылғы 6 маусымдағы келісім-шарты; Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ресей Федерациясы Ішкі істер министрлігінің Волгоград академиясымен Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қызметкерлерін даярлау жөніндегі 2005 жылғы 8 қыркүйектегі N 270 келісім-шарты; Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ресей Федерациясы Ішкі істер министрлігінің Омбы академиясымен Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қызметкерлерін даярлау жөніндегі 2005 жылғы 1 қазандағы N 255 келісім-шарты; Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ресей Федерациясы Ішкі істер министрлігінің Мәскеу университетімен Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қызметкерлерін даярлау жөніндегі 2005 жылғы 4 қазандағы N 191 келісім-шарты; Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ресей Федерациясы Ішкі істер министрлігінің Академиясымен Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қызметкерлерін даярлау жөніндегі 2005 жылғы 5 қазандағы N 264 келісім-шарты.

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің
қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : ішкі істер органдарының жүйесі үшін жоғары кәсіптік білімі бар мамандармен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : сапалы жоғары кәсіптік білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

№ п/п	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Кіші бағдарламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	012		Жоғары кәсіптік білімді мамандар даярлау			
2		021	1997-1998 жылдардағы әскери қызметшілерге үстемақы төлеу	1997-1998 жылдар аралығына әскери қызметшілерге сыйақы төлеу	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлер Жоғары әскери училищесі
3		100	Жоғары кәсіби білімді мамандар даярлау	Ішкі әскерлер Жоғары әскери училищесі мен заң институттарын ұстау, оның ішінде: Академияда - 678 бірлік; Қарағанды заң институт - 501 бірлік; Сапалы жоғары кәсіптік білім алу үшін оқ-дәрілер, қорғаныс және белсенді қорғаныс құралдарын, ас үй жарактарын, бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу. Есептеуіш техникалар: жиынтықтығы компьютерлерді, принтерлерді сатып алу, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Академиясына күрделі жөндеу жүргізу, Ресей Феде-	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлер комитеті, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлер Жоғары әскери

			рациясының әскери-оқу орындарында ішкі әскерлер әскери қызметшілерін оқыту, жоғары кәсіби білім алып шығу үшін Ресей Федерациясының оқу орындарында ішкі істер органдары тыңдаушыларын оқыту (2005 жылғы қазан айынан 2006 жылғы желтоқсан айына дейін оқу үшін төлеу).	училище-сі, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Академиясы, Бәрімбек Бейсенов атындағы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қарағанды заң институты
--	--	--	---	--

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер : Тура нәтиже: күндізгі оқу бөлімінде оқытындар саны - 2 744 бірлік; сырттай оқу бөлімінде оқытындар саны - 1 651 бірлік; Ресей Федерациясы оқу орындарында оқытын тыңдаушылар саны - 75 бірлік; Ресей Федерациясының әскери-оқу орындарында оқытын әскери қызметшілер саны - 40 бірлік күндізгі оқу бөлімі бойынша курсанттарды шығару - 607 бірлік, оның ішінде үздік - 78 бірлік; сыртқы оқу бөлімі бойынша курсанттарды шығару - 455 бірлік, оның ішінде үздік - 30 бірлік; күндізгі бөлім бойынша оқудан шығарылған курсанттар - 50 бірлік; 1997-1998 жылдар үшін сыйақы алған әскери қызметшілер саны - 354 адам; 1 атаулы оқ-дәрілерді, 3 атаулы қорғаныс және белсенді қорғаныс құралдарын, 3 атаулы, ас үй жарақтарын, 1 атаулы бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу; есептеуіш техника: 74 бірлік компьютерлер, 26 бірлік принтерлер сатып алу.

Соңғы нәтиже: ішкі істер органдарын жоғары білімі бар білікті мамандармен қамтамасыз ету - 27,5%; ішкі әскерлерді жоғары білімі бар білікті мамандармен қамтамасыз ету - 14,0%; жаңа үлгілі киім-кешекпен қамтамасыз етілуі жалпы қажеттіліктен - 36,9%; арнайы жабдықтар мен материалдармен қамтамасыз етілуі жалпы қажеттіліктен - 53,3%; активтермен қамтамасыз етілуі жалпы қажеттіліктен - 36,6%.

Қаржы-экономикалық нәтиже: жылына 1 оқушыға кететін орташа шығын - 353,5 мың теңге; жылына Ресей Федерациясының оқу орындарында оқытын 1 тыңдаушыға кететін орташа шығын - 1131,4 мың теңге; жылына Ресей Федерациясының оқу орындарында оқытын 1 әскери қызметшіге кететін орташа шығын - 331,7 мың теңге; 1 қызметкерге кететін орташа шығын - 449,8 мың теңге.

Уақтылығы: өкімдемеге сәйкес күндізгі және сыртқы оқу бөлімдері бойынша ішкі істер органдарының тыңдаушылары мен ішкі әскерлердің әскери қызметшілерін өз у а қ ы т ы н д а о қ ы т у .

Сапасы: оқитындардың барлық санынан оқудан шығарылғандар улесі - 1,8%; түлектердің жалпы санынан жоғары оқу орнын үздік бітіргендер саны - 15,3%.

Қызметтік қолдану үшін

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2005 жылғы 12 желтоқсандағы

№ 1235 қаулысына

48-ҚОСЫМША

РҚАО-ның ескертуі. "Қызмет бабында пайдалану үшін" белгісімен Қаулы Деректер базасына енгізілмейді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2005 жылғы 12 желтоқсандағы

№ 1235 қаулысына

49-ҚОСЫМША

201 - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған

"Әскери қызметшілерді, құқық қорғау органдарының қызметкерлерін және олардың отбасы мүшелерін емдеу" деген 014 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 915688 мың теңге (тоғыз жүз он бес миллион алты жүз сексен сегіз мың т е ң г е) .

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" Қазақстан Республикасы 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заңының 32-бабы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен ішкі әскерлердің әскери қызметшілеріне, зейнеткерлеріне, олардың отбасы мүшелеріне білікті және уақытылы көмек көрсету жолымен олардың қызметтік міндеттерін а т қ а р у д ы ж а қ с а р т у .

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : ауыру деңгейін төмендету, сондай-ақ құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілеріне, олардың отбасы мүшелеріне және ішкі істер органдарының, ішкі әскерлердің зейнеткерлеріне,

сондай-ақ оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушыларына кешенді, білікті, мамандандырылған, консультативтік-диагностикалық, профилактикалық және стационарлық көмек көрсету; ауруына байланысты өзінің қызметтік міндеттерін орындамайтын әскери қызметшілердің, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің %

а з а й т у .

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

№ п/п	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	К і ш і бағдарламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	014		Әскери қызметшілерді, құқық қорғау органдарының қызметкерлерін және олардың отбасы мүшелерін емдеу	Құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, әскери қызметшілерге және олардың отбасы мүшелеріне медициналық көмек көрсету үшін ішкі істер органдарының Емханалы орталық госпиталін, аумақтық госпитальдері мен емханаларын 2014 бірлік штаттық саны шегінде ұстау. Емханалы госпитальдерінің қызметін азық-түліктермен, дәрі-дәрмектермен, өзге де медициналық мақсаттағы төсек-орынмен, арнайы киімдермен, тауарлы-материалдық құндылықтармен, жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету, ағымдық және күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу. Емдеу, диагностика үшін, зертханалық зерттеулер жүргізу үшін медициналық жабдықтар мен кешендіктерді сатып алу. Құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілерге, олардың отбасы мүшелері мен ішкі әскер орган-	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Емханалы орталық госпиталі, ішкі істер органдарының аумақтық госпитальдері мен емха-

			дарының зейнеткерлері- не стационарлық медициналық қызмет көрсету.		налары.
--	--	--	---	--	---------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер :

Тура нәтиже: ішкі істер органдарының, әскер қызметкерлерінің кәсіби байқаудан өту саны - 65 205 адам; амбулаторлық байқаудан өткен және қабылданған аурулар саны - 1 405 000 ауру; стационарлық емдеуден өткен саны - 12 100 ауру; 91 бірліктен кем емес медициналық жарақтар сатып алу; Батыс Қазақстан облысы емханалы госпиталінің терапевтикалық бөлімшесінің 1 объектісіне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу - 1034 ш а р ш ы м е т р .

Соңғы нәтиже: құқық қорғау органдарының әскери қызметшілерін және қызметкерлерінің, олардың отбасы мүшелері мен зейнеткерлерінің жалпы ауру процентін төмендету - 2-5%; жалпы қажеттіліктен 40% медициналық мекемелердің медициналық жарақтармен қамтамасыз етілу деңгейі; жалпы қажеттіліктен 30% күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу.

Қаржы-экономикалық нәтиже: аурудың кереуетте болуының орташа ұзақтығы - 13,2 күн; кереуеттің орташа жылдық толық болуы - 287 күн; бір ауруды емдеуге кететін орташа шығындар, кереует-күн - 2,0 мың теңге; емханаға бір рет баруға кететін орташа шығындар - 0,15 мың теңге; бір медициналық қызметкерге жұмсалатын жылдық орташа шығындар - 351,3 мың теңге.

Уақтылығы: өз уақытында білікті медициналық көмек көрсету, жарақтар жеткізу графигіне сәйкес медициналық жарақтар жеткізу.

Сапасы: құқық қорғау органдарының әскери қызметшілері мен қызметкерлерін алдын ала қарау деңгейі - 100%; аурулардың медициналық көмек көрсетумен қанағаттану проценті, көрсетілген медициналық көмектер бойынша аурулардың шағымдарының болмауы - 100%.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2005 жылғы 12 желтоқсандағы

№ 1235 қаулысына

50-ҚОСЫМША

201 - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006

жылға

арналған

"Жүргізуші куәліктерін, көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу үшін қажет құжаттарды және нөмір белгілерін дайындау" деген 016 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 4407849 мың теңге (төрт миллиард төрт жүз жеті миллион сегіз жүз қырық тоғыз мың теңге).

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 4706 қаулысымен.

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары туралы" Қазақстан Республикасы 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заңының 2-4-баптары ; "Жол жүру қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасы 1996 жылғы 15 шілдедегі Заңының 15-бабы , 18-19-баптары .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қаражаты .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : жол қозғалысына қатысуға азаматтарға және көлік құралдарына рұқсат беруді қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : жол-көлік қозғалысының ережесін бұзуға жол берілген кезде оларды максималды түрде анықтау мақсатында автокөліктер құралдары мен көлік құралдарының иелерін есепке алу; азаматтарды тіркеу құжаттарымен, көлік құралдарына мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерімен және жүргізуші куәліктерімен максималды түрде қамтамасыз ету (бұдан әрі - КҚТК, МТНБ және Ж К) .

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

№ п/п	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Кіші бағдарламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	016		Жүргізуші куәліктерін, көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу үшін қажет құжаттарды және нөмір белгілерін дайындау	Келісім-шарттарға сәйкес жүргізуші куәліктерін, көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу үшін қажетті құжаттарды және нөмірлік белгілерін дайындау. Мемлекеттік тіркеудің нөмірлік белгілерін, тасымал және жүргізуші куәліктерін дайындау үшін өткен жылдардың міндеттемелерін орындау.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Астана, Алматы қалаларындағы, облыстардағы Ішкі істер департаменттері, Арнайы полиция бөлімшелері.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер : Тура нәтиже: мемлекеттік тіркеу нөмір белгісінің жиынтықтар саны - кемінде 678 800; көлік

құралдарының тіркеу куәлік бірлігі - кемінде 763 574; жүргізушілер куәлігі саны - кемінде 451 066; транзиттік нөмірлер белгісінің жиынтық саны - кемінде 6 147. Соңғы нәтиже: автокөліктер құралдарының иелерін жиынтық арнайы өніммен қамтамасыз ету - 100%.

Қаржы-экономикалық нәтиже: мемлекеттік тіркеу нөмір белгісінің бір жиынтығын дайындауға жұмсалатын шығын - 2442 теңге; көлік құралдарын тіркеу куәлігінің бірлігін дайындауға жұмсалатын шығын - 1090 теңге; мемлекеттік тіркеу транзиттік нөмір белгісінің бірлігіне жұмсалатын шығын - 300 теңге; жүргізушілер куәлігінің бірлігіне жұмсалатын шығын - 1090 теңге.

Уақтылығы: белгіленген нормаға сәйкес автокөліктер иелерін арнайы өніммен қамтамасыз ету - 100%.

Сапасы: жүргізушілер куәлігін, мемлекеттік тіркеу нөмір белгілерін автокөлік құралдарын тіркеу куәліктерін алу кезінде азаматтарға жасалатын қызмет - 100%.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 4706 қаулысымен.

Қызметтік қолдану үшін

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2005 жылғы 12 желтоқсандағы

N 1235 қаулысына

51-ҚОСЫМША

РҚАО-ның ескертуі. "Қызмет бабында пайдалану үшін" белгісімен Қаулы Деректер базасына енгізілмейді.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2005 жылғы 12 желтоқсандағы

N 1235 қаулысына

52-ҚОСЫМША

201 - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған

"Қазақстан Республикасына келетін шетелдік

азаматтарды көші-қон карточкаларымен қамтамасыз ету"

деген 018 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 40400 мың теңге (қырық миллион төрт жүз мың теңге).

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 4706 қаулысымен.

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "Қазақстан

Республикасы ішкі істер органдары туралы" Қазақстан Республикасы 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заңының 5-1-бабы ; "Қазақстан Республикасы шетелдік азаматтардың келуін заңмен реттейтін кейбір мәселелер туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қаңтардағы N 136 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : саяси және экономикалық тұрақтылықты, сондай-ақ қоғамдық тәртіпті Қазақстан Республикасы аумағына уақытша кіретін шетелдік азаматтарды нақты есепке алу жолымен қамтамасыз ету, оның ішінде заңсыз көшіп-қонуды болдырмауды қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : Қазақстан Республикасына келетін шетелдік азаматтарды көші-қон карточкаларымен және уақытша келу бланкілерімен қамтамасыз ету, сондай-ақ заңсыз еңбек мигранттарын заңдастыру бойынша акция өткізу кезеңінде Қазақстан Республикасында еңбек қызметін жүзеге асыратын заңсыз еңбек мигранттарын ерекше үлгідегі карточкалармен қамтамасыз ету, сондай-ақ ламинаттайтын пленка сатып алу және көші-қон карточкаларын жеткізу жөніндегі ш ы ғ ы с т а р .

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 4706 қаулысымен .

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

N п/п	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	К і ш і бағдарламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орын-даушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	018		Қазақстан Республикасына келетін шетелдік азаматтарды көші-қон карточкаларымен қамтамасыз ету.	Заңсыз еңбек мигранттарын заңдастыру жөнінде бір жолғы акция өткізу кезеңінде көші-қон карточкаларын және ерекше үлгідегі көші-қон карточкаларының бланкілерін дайындау жөніндегі қызметтерге ақы төлеу.	Ж ы л бойы	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, облыстардың, Алматы және Астана қалаларының Ішкі істер департаменттері

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 4706 қаулысымен.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер : Тура нәтиже: 5 тәуліктен астам уақытқа елге кірген, көші-қон карточкаларымен қамтамасыз етілген ш е т е л д і к т е р с а н ы -

1 000 000 адам; 5 тәулікке дейінгі уақытқа елге кірген, көші-қон карточкаларымен қамтамасыз етілген шетелдіктер саны - 3 000 000 адам; ерекше үлгідегі көші-қон карточкаларымен қамтамасыз етілген, тіркелген шетел азаматтарының саны - 300000 адам ;

дайындалатын көші-қон карточкаларының саны кемінде 10000000 бірлік. Соңғы нәтиже: Қазақстан Республикасының аумағына келетін шетел азаматтарын көші-қон карточкаларымен 100 % қамтамасыз ету; республика аумағында еңбек қызметін жүзеге асыратын заңсыз еңбек мигранттарын заңдастыру бойынша акция өткізу кезеңінде ерекше үлгідегі көші-қон карточкаларын бере отырып, шетел азаматтарын 100 % тіркеу.

Қаржы-экономикалық нәтиже: 1 көші-қон карточкасын дайындауға кететін шығын - 1 теңге; ерекше үлгідегі 1-көші-қон карточкасын дайындауға жұмсалатын шығын - 98 теңге .

Уақтылығы: Қазақстан Республикасы аумағына келетін шетел азаматтарын өз уақытында тіркеу. Заңсыз еңбек мигранттарын уақтылы тіркеу және оларды заңдастыру .

Сапасы: шетел азаматтарының Қазақстан Республикасы аумағына кіру және тұру ережелерін сақтауы .

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 4706 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2005 жылғы 12 желтоқсандағы

N 1235 қаулысына

53-ҚОСЫМША

201 - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған

"Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес"

деген 104 республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны : 340646 мың теңге (үш жүз қырық миллион алты жүз қырық алты мың теңге) .

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 4706 қаулысымен .

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі : "Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары туралы" Қазақстан Республикасы 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2006-2014 жылдарға

арналған стратегиясы туралы" 2005 жылғы 29 қарашадағы N 1678 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : Қазақстан Республикасы нашақорлыққа қарсы иммунитетті қалыптастыру және есірткі бизнесінің одан әрі таралуына қарсы мемлекеттік және қоғамдық іс-қимыл жүйесінің толық ауқымды тиімділігін қ а л ы п т а с т ы р у .

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : есірткіге қарсы насихатты жүргізу; есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы қимылдар тетігін нығайту, "Рубеж - Наркотики" есірткі қамалдарын құру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

N п/п	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Кіші бағдарламалардың атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	104		Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес	Ішкі істер органдарының кинологиялық қызметтері мен есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі бөлімшелерін материалдық-техникалық нығайту: Компьютерлік техникаларды, қызметтік іздестіру иттеріне арналған жарақтар; медициналық жарақтарды, "Лабрадор" тұқымды иттерді, радиостансаларды, есірткі заттарының имитаторларын сатып алу, кинологиялық қызметтерге арналған арнайы әдебиетті басып шығару, сондай-ақ иттерді әртүрлі витаминдік препараттармен қамтамасыз ету, "Гном-2" диктофондарды, электрондық өлшеуіштерді, сканерлейтін радиоқабылдағыштарды, портативтік бейнемагнитофондары, денеде алып жүретін бейнебақылаудың мобильді жүйелерін,	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Есірткі бизнесімен күрес және есірткі айналымын бақылау комитеті

түнде түсіру бейнека-
мераларын, жоғарғы
минижеткізушілерді,
шағын жеткізушілерді,
жеңіл автомобильдерді,
жүк автомобильдерін
с а т ы п а л у .
"Рубеж" стационарлық
б е к е т т е р і н
материалдық-техникалық
нығайту: жоғарғы мини-
жеткізушілерді, шағын
жеткізушілерді, "Гном-2"
диктофондарын,
электрондық өлшеуіш-
терді, "Ново ФЛ"
люминесцентті айдау
құралдарының жиынты-
ғын, техникалық эндос-
коптарды, техникалық
эндоскоптардың акку-
муляторлық жарықтанды-
руларын сатып алу.
"Рубеж-Наркотики"
қамалдарын алу.
Нашақорлыққа және
есірткі бизнесіне
қарсы күрес проблема-
ларына арналған
мерзімді журналдар
шығару, конкурстар
мен жарыстар өткізу,
есірткі қылмысына
қарсы күрестің өзекті
проблемалары бойынша
дөңгелек үстелдер,
конференциялар,
семинар-кеңестер
өткізу, аталған іс-
шараларға қатысушылар-
дың тамағын, іссапар
шығындарын, үй-жайды,
көлікті, жабдықтарды
жалға алу ақысын,
кеңсе және өзге де
тауарларды, кәдесыйлар
мен ескерткіш сыйлық-
тарды сатып алу,
курстар мен жарыстар-
дың жеңімпаздарына
арналған марапаттау
қағаздарын дайындауға
ақы төлеу, дөңгелек

үстелдер, конференциялар қатысушыларына кофе-брейктер ұйымдастыру, әдістемелік ұсынымдарды басып шығару, плакаттар, күнтізбелер, буклеттер, брошюралар, белгілер, футболкалар, бейсболкалар, сыртқы жарнамалар басып шығару, металлқұрылыстар шығару және оларды орналастыру, Ноутбук компьютерін, мультимедиапроектор сатып алу. Қоғамның есірткіге қарсы иммунитетін қалыптастыру мақсатында ақпараттық, насихаттау және кеңес беру жұмыстарын жүргізу үшін теле-радио бағдарламалар, аудио және бейнероликтер, метражды ғылыми-танымдық бейнефильмдер, мультипликациялық фильмдер шығару және оны көрсету, балалар мен жастарға арналған ақпараттық-танымдық журналдар басып шығару, Нашакорлыққа қарсы Халықаралық күрес күніне арналған Қазақстанның облыс орталықтарымен "Телекөпір" ұйымдастыру. Есірткі, психотропты заттар мен прекурсорлардың анықтау тестілерін, есірткі заттарының иіс имитаторларын, биологиялық заттарды есірткілерді анықтау үшін тесттерді жасау.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 4706 қаулысымен.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер : Тура нәтиже: нашақорлықпен халықаралық күрес күніне арналған акцияны өткізу; жылына 16 000 дана "Болашақ есірткісіз" мерзімді журналын шығару; 4 спорттық-жаппай

іс-шараларды өткізу; 7 семинар, 7 дөңгелек стол, 2 конференция, 2 байқау, БАҚ үшін жыл сайынғы 1 форум өткізу; 12 телебағдарламаларды, 4 деректі фильмдер, есірткіге қарсы тақырыпта 4 бейнероликті әзірлеу және көрсету; нашақорлықпен халықаралық күрес күніне арналған телемост.

Соңғы нәтиже: елдегі есірткі жағдайын тұрақтандыру; есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимылдар жасау, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасы аумағына енгізудің алдын алу және басқа мемлекеттерге таралуын жою; заңсыз есірткі айналымының деңгейін төмендету және осымен байланысты қылмысты тоқтату (фактілер бойынша).

Қаржы-экономикалық нәтиже: күніне бір қайта қалпына келетін адамға кететін орташа шығын - 2,2 мың теңге.

Уақтылығы: халықты уақытында және тұрақты түрде ескерту, есірткіге тәуелді адамдарға уақытында көмек көрсету және оларды қалпына келтіру.

Сапасы: мына мәселелер бойынша біліктілік деңгейін көтеру:

- нашақорлықтың алдын алу шаралары - әлеуметтік саланың 200 қызметкері үшін;
- есірткі құралдарын, психотропты заттар мен прекурсорлар айналымын мемлекеттік бақылауға алу - мүдделі мемлекеттік органдардың 160 қызметкерлері мен лицензиаттары үшін;
- есірткі бизнесіне қарсы күрес - құқық қорғау органдарының 300 қызметкерлері үшін.

Қызметтік қолдану үшін

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2005 жылғы 12 желтоқсандағы

№ 1235 қаулысына

54-ҚОСЫМША

РҚАО-ның ескертуі. "Қызмет бабында пайдалану үшін" белгісімен Қаулы Деректер базасына енгізілмейді.